

Шектеу іс-шараларын тоқтату және Төлеби ауданы Кемеқалған ауылдық округі әкімінің 2021 жылғы 25 наурыздағы № 08 "Кемеқалған ауылдық округі Абай елді мекені Аманта көшесінде бруцеллез бойынша шектеу шараларын белгілеу туралы" шешімінің күші жойылды деп тану туралы

Түркістан облысы Төлеби ауданының Кемеқалған ауылдық округі әкімінің 2021 жылғы 23 желтоқсандағы № 51 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 31 желтоқсанда № 26298 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының "Құқықтық актілер туралы" Заңының 27-бабы 1-тармағына, Қазақстан Республикасының "Ветеринария туралы" Заңының 10-1-бабы 8) тармақшасына сәйкес, Түркістан облысы Төлеби ауданының бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының 2021 жылғы 27 мамырдағы № 08-02-07/180 ұсынысы негізінде ШЕШТІМ:

1. Түркістан облысы Төлеби ауданы Кемеқалған ауылдық округінің Абай елді мекенінің Аманта көшесінде бруцеллез ауруын жою жөніндегі ветеринариялық іс-шаралар кешенінің аяқталуына байланысты шектеу іс-шаралары тоқтатылсын.

2. Түркістан облысы Төлеби ауданы Кемеқалған ауылдық округі әкімінің 2021 жылғы 25 наурыздағы № 08 "Кемеқалған ауылдық округі Абай елді мекені Аманта көшесінде бруцеллез бойынша шектеу шараларын белгілеу туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6126 болып тіркелген) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Кемеқалған ауылдық округінің әкімі

Д. Дарибоев